

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 наурыздағы № 82 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 сәуірде № 3128 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 27 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 26.01.2016 № 27 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы Жарлығының 27 тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 86 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесінің 2 тармағына сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10130 тіркелген, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Б» корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі осы қаулының қосымшасына **сәйкес** **бекітілсін.**

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн **өткен соң** **қолданысқа** **енгізіледі.**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ә.Ә.Қожаханға жүктелсін.

Аудан әкімі Қазығұрт 2015 № 82 қаулысымен бекітілген	Б.Д.Қыстауов ауданы « 5 » наурыздады	әкімдігінің наурыздады
--	--	---

«Б» корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Б» корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі (әрі қарай - Әдістеме) «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қантардағы Жарлығын іске асыру үшін әзірленді және «Б» корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Қазығұрт ауданы (бұдан әрі - аудан) әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – қызметшілер) қызметін жыл сайынғы бағалау жүргізу тәсілін айқындаады.

2. Қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

3. Бағалау мемлекеттік әкімшілік қызметте болған әрбір жыл өткен сайын, көрсетілген мерзім басталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес мерзімде жүргізіледі.

4. Қызметшілерді бағалау мыналардан:

- 1) қызметшінің тікелей басшысының бағалауы;
- 2) айналмалы бағалау (қызметшінің қарамағындағы немесе олардың әрі пістерінің бағалауы).

Қызметшінің тікелей басшысы оның лауазымдық нұсқаулығына сәйкес өзі бағынатын тұлға болып табылады.

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшылары мен ауыл, ауылдық округтер әкімдері үшін бағалау аудан әкімі немесе оның уәкілеттік беруімен оның орынбасарымен өткізіледі.

5. Бағалау нәтижелері бойынша қызметшілер қызметіндегі кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар әзірленеді, олардың қызметіндегі жақсартуды қажет ететін бағыттар айқындалады, тағылымдамадан өткізу, ілгерілету бойынша

6. Қызметшінің соңғы үш жыл бойы екі «қанағаттанарлықсыз» деген баға алуы, оны аттестаттаудан өткізуге негіз болып табылады.

Аттестаттаудан өткізу туралы шешім қабылдау кезінде алдыңғы аттестаттаудан өткізуге негіз болған бағалау нәтижелері ескерілмейді.

7. «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған қызметші мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш қабылданған тұлғаға тәлімгер ретінде бекітілмейді.

8. Қызметшінің қорытынды бағасын тұрақты жұмыс істейтін Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) бекітеді, оны аудан әкімі құрады.

9. Комиссия кемінде үш мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады.

10. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шеши

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Комиссия төрағасы болып аудан әкімі аппаратының басшысы табылады.

Комиссия хатшысы аудан әкімі аппаратының персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесінің (бұдан әрі - персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі) қызметкері болып табылады. Комиссия хатшысы дауыс беруге

қ а т ы с п а й д ы .

Егер Комиссия құрамына оған қатысты бағалау жүргізілетін қызметшінің тікелей басшысы, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген қызметшілер кіретін болса, олар осы қызметшіге қатысты дауыс беруге және шешім қабылдауға қатыспайды.

2. Бағалау жүргізуға дайындық

11. Персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі Комиссия төрағасының келісімі бойынша бағалауды өткізу кестесін әзірлейді.

Персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі бағалау өткізуге дейін бір айдан кешіктірмей бағаланатын қызметшіге, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға бағалау жүргізілетіні туралы хабарлайды және оларға толтыру үшін бағалау парағын жібереді.

3. Тікелей басшының бағалауы

12. Тікелей басшы осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес, нысан бойынша тікелей басшысының бағалау парағын персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесінен алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде толтырады, қызметшіні толтырылған бағалау парағымен таныстырады және екі жұмыс күні ішінде толтырылған бағалау парағын персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесіне қайтарады.

Қызметшінің толтырылған бағалау парагымен таныстыру жазбаша немесе электронды нысандада жүргізіледі.

Қызметшінің танысадан бас тартуы құжаттарды Комиссия отырысына жіберуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесінің қызметкері және тікелей басшы танысадан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

4. Айналмалы бағалау

13. Айналмалы бағалау қызметшінің қарамағындағы адамдардың, ал қарамағындағы адамдар болмаған жағдайда – қызметші жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшеде лауазымды атқаратын адамның (олар болған жағдайда) бағалаудын білдіреді.

Мұндай адамдардың тізімін (үш адамнан аспайтын) қызметшінің лауазымдық міндеттері және қызметтік өзара әрекеттестігіне қарай персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі бағалау жүргізілгенге бір айдан кешіктірмей анықтайды.

14. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалар осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысандада айналмалы бағалау парагын толтырады.

15. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалармен толтырылған бағалау парагы персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесіне оларды алған күннен екі жұмыс күні ішінде персоналды басқару жөніндегі бөліміне жіберіледі.

16. Персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасын есептейді.

17. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың бағалауы жасырын түрде жүргізіледі.

5. Қызметшінің қорытынды бағасы

18. Персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі қызметшінің қорытынды бағасын мына формула бойынша Комиссия отырысына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей есептейді:

$$a = b + c$$

a – қызметшінің қорытынды бағасы,

b – тікелей басшының бағасы,

c – осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасы.

19. Қорытынды баға мына шкала бойынша қойылады:

21 баллдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»,
21-ден 33 балға дейін – «қанағаттанарлық»,
33 балдан жоғары – «тиімді».

6. Комиссияның бағалау нәтижелерін қарауы

20. Персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі Комиссия тәрағасымен келісілген кестеге сәйкес бағалау нәтижелерін қарау бойынша Комиссияның отырысын өткізуі қамтамасыз етеді.

Персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі Комиссияның отырысына мұна құжаттарды:

- 1) толтырылған тікелей басшының бағалау парагын;
- 2) толтырылған айналмалы бағалау парагын;
- 3) қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын;

4) осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытынды баға көрсетілген Комиссия отырысы хаттамасының жобасын тапсырады.

21. Комиссия бағалау нәтижелерін қарастырады және мұна шешімдердің бірін шығарады:

- 1) бағалау нәтижелерін бекітеді;
- 2) бағалау нәтижелерін қайта қарайды.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда Комиссия хаттамада тиісті түсіндірмемен келесі жағдайларда бағаны түзетеді:

1) егер қызметшінің қызмет тиімділігі бағалау нәтижесінен көп болса, бұл ретте қызметшінің қызмет нәтижесіне құжаттамалық растау беріледі;

2) қызметшінің бағалау нәтижесін санауда қате жіберілсе.

Бұл ретте қызметшінің бағасын төмендетуге жол берілмейді.

22. Персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесі бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң бес жұмыс күні ішінде қызметшіні таныстырады.

Қызметшіні бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша немесе электронды нысандада жүргізіледі.

Қызметшінің танысадан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесінің қызметкері танысадан бас тарту туралы еркін нұсқа да акт жасайды.

23. Осы Әдістеменің 20-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ Комиссия отырысының қол қойылған хаттамасы персоналды басқару жөніндегі /кадр қызметі/ бөлімшесінде сақталады.

7. Бағалау нәтижелеріне шағымдану

24. Комиссия шешіміне қызметшінің мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне шағымдануы шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні **ішінде жүзеге асырылады.**

25. Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық департаменті қызметшіден шағым түскен күнінен бастап он жұмыс күні **ішінде шағым қарайды және бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік органға Комиссия шешімінің күшін жою туралы ұсыныс жасайды.**

26. Қабылданған шешім туралы ақпаратты мемлекеттік орган екі апта **ішінде мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне береді.**

**«Б» корпусындағы аудандық бюджеттен
каржыландырылатын атқаруышы органдардың,
ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының
мемлекеттік әкімшілік қызметшілері
мен Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
қызметін жыл сайынғы бағалаудың
мен Қазығұрт әдістемесіне 1-қосымша**

Тікелей басшысының бағалау парагы

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда):

Бағаланатын қызметшінің лауазымы:

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні (саны)	Бага (балл)
1.	Бастамашылығы	2-ден 5-ке дейін	
2.	Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 8-ге дейін	
3.	Әрекеттестікке икемділігі	2-ден 5-ке дейін	
4.	Қызметтік этиканы сақтауы	2-ден 5-ке дейін	
БАРЛЫҒЫ (барлық бағалардың бағасы)			
Таныстым:		Тікелей басшы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	
Қызметші Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____		күні _____	
күні _____		көлі _____	
көлі _____			

**«Б» корпусындағы аудандық бюджеттен
каржыландырылатын атқаруышы органдардың,
ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының
мемлекеттік әкімшілік қызметшілері**

мен Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының
 мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
 қызметін жыл сайынғы бағалаудың
 әдістемесіне 2-қосымша

Айналмалы бағалау парағы

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда): _____

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

№ п/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні	Баға (балл)
Бағынышты адам			
1	Жұмысты жоспарлай алу қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Жұмысқа ынталандыру қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
3	Қызметтік этиканы сактауы	2-ден 5-ке дейін	
	Барлығы (барлық бағалардың бағасы)		
Әріптесі			
1	Топта жұмыс істей алу қабылеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Қызметтік этиканы сактауы	2-ден 5-ке дейін	
3	Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 5-ке дейін	
	Барлығы (барлық бағалардың бағасы)		

«Б» корпусындағы аудандық бюджеттен
 қаржыландырылатын атқаруышы органдардың,
 ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының
 мемлекеттік әкімшілік қызметшілері
 мен Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының
 мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
 қызметін жыл сайынғы бағалаудың
 әдістемесіне 3-қосымша

Бағалау жөніндегі Комиссия отырысының хаттамасы

(мемлекеттік орган атауы)

№ п/р	Қызметшінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Тікелей басшының бағасы	Айналмалы баға	Корытынды баға
1				
...				

К о м и с с и я

К о р ы т ы н д ы с ы :

Тексерген:

Комиссия хатшысы: _____ Күні: _____
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), _____ қолы)

Комиссия төрағасы: _____ Күні: _____
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), _____ қолы)

Комиссия мүшесі: _____ Күні: _____
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), _____ қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК